

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті



**КӨПСАЛАЛЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

**МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

**Маусым (июнь)
№2(18) 2013**

ЖАБАЕВА С.С.	ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ИЗМЕРЕНИЕ ЛЕКСИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ЯЗЫКА.....	50
ӘБСАДЫҚОВ А.А. ЖҮСІПБЕКОВА А.Б.	ҒАБИДЕН МҰСТАФИННИҢ «МИЛЛИОНЕР», «ШЫҒАНАҚ» РОМАНДАРЫНДАҒЫ АНТОНИМ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ	52
КИСЛИЦКАЯ Н.С. ПОПОВА А.А.	КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ И УСПЕШНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА.....	55
БЕРКЕНОВА Г.С. АМИРХАМЗИН Н.К.	ХАЛЫҚТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ.....	57
ӘБСАДЫҚОВА А. ЖУСУПОВА Г.С.	ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК УТОПИЯ.....	60
ЖАБАЕВА С.С. ХУСАИНОВА А.Ж.	НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНАЯ ОБУСЛОВЛЕННОСТЬ АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ.....	64
АЛПЫСПАЕВА З.Т.	К ПРОБЛЕМЕ ЭКВИВАЛЕНТНОСТИ ПЕРЕВОДА СРЕДСТВ САТИРЫ И ЮМОРА.....	66
ШАГАБУТДИНОВ Р.И. ЖАНИЕТОВ М.	ВЛИЯНИЕ ЗАНЯТИЙ НАСТОЛЬНЫМ ТЕННИСОМ НА ФИЗИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ СТУДЕНТОВ.....	69
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ		
КОНЕВ А.Н. КИМ Н.П. БОРЗЕНКОВА С.П.	ВОСПИТАНИЕ КУЛЬТУРЫ УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ И НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ НА ОСНОВЕ САМОМЕНЕДЖМЕНТА.....	73
ЛУТФУЛЛИН Ю.Р. ХАЛИКОВ А.Р.	СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НА ОАО «СОДА»	79
ЖАПАРОВ К.Ж.	ПОВЫШЕНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В АПК РЕГИОНА.....	81
ДЬЯКОНОВ А.С. ГАН Е.П. ЛУТФУЛЛИН Ю.Р.	РОЛЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК В ИННОВАЦИОННОМ РОСТЕ ЭКОНОМИКИ.....	85
ЖАНАЛИНОВ Б.Н.	ҚАЗІРГІ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛІ.....	87
Курбанова М.Н. Бейсенбаева А.Б.	СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	91
ДЖАКАНОВ Д.С. ДАМБАУЛОВА Г.К.	ВСТУПЛЕНИЕ КАЗАХСТАНА В ВТО: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ..	94
ДАМБАУЛОВА Г.К. КУТИКОВА Е.Е.	СЕЛЬСКАЯ ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА: АНАЛИЗ ПРОЦЕССОВ...	97
РАСТЕГАЕВА Н.А. САДЫКОВА А. Б.	ПРОБЛЕМЫ ПЛАНИРОВАНИЯ СЕБЕСТОИМОСТИ НА СОВРЕМЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ.....	100
ЧУМАЧЕВ А.А. БЕНЦ Д.С.	ВЗАИМОСВЯЗЬ И ВЗАИМОВЛИЯНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА И ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ФИРМ: КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ И ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СЦЕПЛЕНИЕ.....	102

ҒАБИДЕН МҰСТАФИННИҢ «МИЛЛИОНЕР», «ШЫҒАНАҚ» РОМАНДАРЫНДАҒЫ АНТОНИМ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Әбсадықов А.А. – ф.ғ.д., Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры
Жүсіпбекова А.Б. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің
магистранты

Мазмұндама

Бұл мақалада *Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», «Шығанақ» романдарындағы антоним сөздердің стильдік қызметі талданылып, ұлттық болмыс пен қоғамда қалыптасқан мағынасы танымдық тұрғыдан ашылып көрсетіледі.*

Негізгі ұғымдар: антоним, семантика, стиль, синоним, сөз таптары.

Жазушы шығармасында, бір-біріне жарығын түсіріп тұрған семантикалық-стильдік сипаты бар сөздерді, прозада түр беретін антонимдерді шығарма тілінде қолданудың маңызы ерекше.

Антонимдердің көркем әдебиеттегі қызметі де айрықша. Өйткені тіліміздегі осы сияқты сөздерді жазушы өзара қарама-қарсы қойып, шығарма тілінің көркемдігін шыңдай түседі.

Жазушы шығармасында адам психологиясын танытуда, табиғаттың сан алуан құбылыстарын суреттеуде зат есім, сын есім антонимдерді жиі қолданған. Мысалы: *еркек пен әйел, дос пен қас, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, кәрі мен жас, жақсы мен жаман, қатал мен мейірбан, адамдық пен зұлымдық*.

Көркем шығармада антонимдік қатынаста тұрған сөздердің семантикасы бізді қоршаған ортада, дүниеде болып жатқан қайшылықтарды дәл басып береді. Қарама-қайшылық ұғымы болмаса өмірді сезіну де, түсіну де, қабылдау да соншалықты түсінікті болмас еді.

Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың, сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоядан шығады. Қазақ тіліндегі антонимдерді топтастыру жайында екі түрлі көзқарас бар: бірі-ұғымдардың белгілі бір логикалық қатарындағы қарама-қарсылығына негізделген тіл бірліктерінің қарама-қарсылығын білдіретін антонимдік жұптар тұрғысынан топтайтын Ж. Мусиннің пікірі [4, 76 бет]; Екінші, антонимдерді логикалық, грамматикалық, психолингвистикалық қатынастарға негізделген универсалды құбылыстар деп қарайтын А. Жұмабекованың пікірі [1, 76 бет]. Оның пікірінше, осы күнге дейін, тіл бірліктерінің қарама-қарсылығы ғана антонимдік жұп құрауға негіз болған, енді логикалық, психологиялық, тілдік ұғымдары кең көлемде кешенді бағытта Н. С. Трубецкой ұсынған оппозиция әдісі бойынша топтастырса, антонимдердің табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді деген. Осы тұрғыдан алғанда лексиколог ғалым Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиев антонимдерге мынадай анықтама беріп, топтастырған. «Антоним дегеніміз мағынасы бір-біріне қарама-қарсы ұғымды білдіретін сөздер тобы» Қазақ тілінде антонимдердің жасалуы көбіне – көп сын есімдерден болады, ал қалған сөз таптарынан аз кездеседі. Жасалу жолдарына қарай антонимдерді бірнеше топқа бөлген.

1. Сын есімдерге тән антонимдер а) түбір күйінде кездесетіндер; ә) туынды түбір күйінде кездесетіндер; б) -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары арқылы жасалған антонимдер.

2. Етістікке тән антонимдер.

3. Зат есімге тән антонимдер.

4. Үстеуге қатысты антонимдер.

5. Есімдікке қатысты антонимдер [4, 76 бет].

Белгілі лексиколог ғалымдар Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиев антонимдерге мынадай анықтама берген: «Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоядан шығады. Антоним дегеніміз мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер болып шығады. Антонимдер өзара алшақ қарама-қарсы ұғымды білдіретіндіктен, бұлардың әр сөз табына қатысы нақ бірдей емес, ала-құла деген сөз. Бір сөз табы соншама бай да, енді біреулері соншалықты кедей, не болмаса тіпті кездеспей де ға-

жап емес. Қазақ тілінде антонимдер көбіне-көп сын есімдерден болады, онан соң етістіктер, зат есімдер, үстеулерден азды-көпті кездеседі. Ал қалған сөз таптарынан жасалған антонимдер тым тапшы» [3, 117 бет].

Антонимдер жалпы халықтық тілімізде, оның ішінде көркем шығарма тілінде, синонимдерден кейінгі бір көбірек қолданылатын сөздер екені байқалады.

Бұлай болуы да заңды, себебі олардың мағыналық табиғатының өзі тіл реңділігін туғызуға арналған десек те болғандай. Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер» романдарында жиі қолданылып, қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарды, адамның сан алуан қасиеттерін қарама-қарсы ұғымда бейнелейтін әрі стилистикалық қызмет атқара алатын құралдардың бірі – мағыналары қарама-қарсы сөздер болып табылады. Жазушы антонимдерді соншалықты көп жұмсайды.

Олай болса, жазушының «бірине-бірі жарығын түсіріп тұрған» сөздерінің семантикасы, оның мәтін ішінде өзгеруі, түзілуі, антоним сөздердің берілу жолдары семантикалық-стильдік колоритін айқындап, шығарманың көркемдігін арттыра түседі. Романда тілдік антонимдермен қатар, контекстік антонимдер жиі ұшырасады. Бұл антонимдер белгілі бір мақсатпен қолданылғанын өте айқын көреміз. Антонимдердің стильдік қызметі туралы ғалым К. Аханов «Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруды, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық-айқын, мейлінше мәнерлі болып келеді» деген [2, 168 бет].

Сонымен қатар, ашу мен күлкі, өлі мен тірі, жақсы мен жаман сияқты кереғар ұғымдарды көрсету арқылы философиялық ой түйінін, өмірге көзқарасын білдіреді. Күнделікті ауызекі тілден бастап көркем әдебиет тілінде антонимдер – өте жиі қолданыстағы актив сөздер. Жалпы, қазақ тілі синонимге қандай бай болса, антонимге де сол шамада бай деп айтуға болады. Жазушы шығармаларында кездесетін антонимдерге мысал келтіретін болсақ:

Зат есім мәндес антонимдер:

Антоним сөздер толып жатқан стильдік мақсатта қолданылады, мысалы:

Елсіз тауда Жамалдан айрылып, жау соққысына жығылған жерде табысқан досы тым қатты айтты [5, 33 б].

Не күлкі! «Еркектің қоры күлегеш, әйелдің қары күлегеш» [5, 39 б].

Кезім өлі жоғалса да, тірі жоғалса да нәсілім жоғалмайды [5, 45 б].

Асығыста ашуыңды келтірген кейбір қылық жайшылықта күлкіңді келтіреді [5, 364 б].

Автор антоним сөздерді ойды қысқартып, ықшамдап беруге де қолданған: *Алдарындағы биік жонға ерлі-зайыпты екеуі осындай шыңсыз қағысумен жетті* [5, 19 б]

Жаз түгіл қыс күні егіс даласында көресің [5, 311 б]

Сын есім мәндес антонимдер:

-Қалай тұрсаң олай тұр, мен мұныңды *ұзын* елдің үйіріне, *қысқа* елдің қиырына жаям [5, 35 б].

Ержанның сырты қалың болғанмен, іші тым жұқа еді [5, 37 б].

Көркем шығармада антонимдік қатынаста тұрған сөздердің семантикасы бізді қоршаған ортада, дүниеде болып жатқан қайшылықтарды дәл басып береді. Қарама-қайшылық ұғымы болмаса өмірді сезіну де, түсіну де, қабылдау да соншалықты түсінікті болмас еді.

Әкем бірде *қатал*, бірде *мейірбан*. *Қаталдығы* да, *мейірбандығы* да мен күтпеген жерден кездесіп отырады [5, 49 б].

Араласып жүрген ауыл адамдарының ішінде, тіпті, жақсы көретін, *сыпайы мінезді* қарт, күтпеген жерден *одағай мінез* шығарды [5, 63 б].

Жерім жаман ба? Мен жаман ба? Аз да болса, көпке келген үлестен біз неге құр қаламыз? [5, 66 б].

Кердіңіздер ғой, осы арада екі ойдың айқасы өтті. Бірі – жаңа, бірі – ескі [5, 75 б].

Амантай осы екі қарастың екеуін де көрген. Жақсы дерін, не жаман дерін де білмейді [5, 124 б].

Бірде қатты, бірде рақымшыл, бірде ауыр, бірде жеңіл, сезімге көбінесе ақылға жеңдіретін ойлы қыз екенін әріптес адам тез-ақ түсінетін [5, 225 б].

Балжан барған соң жуан папкени қолтықтап ілмуген Айдар асыға енді есіктен. Өңі кәрі, жүрісі жас [5, 270 б].

Ақмет мінезі бәріне мәлім, қатты айтса, артынша тәтті айтуы да тез [5, 307 б].

Шығармада антонимдер кейде бір зат пен екінші затты қарсы қойып салыстыру үшін де қолданылады.

Үстеу және есімдік мәндес антонимдер:

-*Мен ертеңгі құрықтан, бүгінгі өкпені артық көрем* [5, 39 б].

Үстеулерден жасалған антонимдердің негізінде авторлық идеясы дәл беріліп, дүниедегі ұғымдары бірімен-бірін салыстырып, шендестіріп береді.

- Мұныңыз да дұрыс емес, - деді Жанат. - *«Мен жеңілдім, сен жеңдің» дегелі тұрсыз* [5, 319 б].

Антонимдердің стильдік қызметі салыстыруда және айтылар ойды анық етіп түсіндіруде көрінеді.

Ғ.Мұстафин шығармасындағы антонимдер өз мүмкіншілігіне қарай қолданылып, қарама- қарсы мәндегі сөздермен шығарманың стильдік бояуын айқын көрсетеді.

Етістік мәндес антонимдер:

Шығармада етістіктен жасалған антонимдер қимыл-әрекет процесін анық көрсетуге бейім екендігі байқатады. Ғ.Мұстафиннің шығармаларындағы етістіктен жасалған антонимдер әр түрлі формада келіп, баяндау, суреттеу қызметінде де жұмсалған.

Бас та қатар, жайласар, бірақ басалқы айтар осы шақ. Жайласқан соң айттың не, айтпадың не [5, 68 б].

Әйел күлсе, алдайды, жыласа, арбайды. [5, 79 б].

Таң атады, күн батады. Күн батады, таң атады. Елсіз таудағы айқын көрініс осы ғана. [5, 82 б].

Күледі де жылайды, жылайды да күледі [5, 87 б].

Сельпо да осы арада. Біреуі беріп, біреуі алып жатқан жұрт [5, 243 б].

Көну де, көнбеу де қиын. Қайсысына бекінерін білмей, дел-сал күйде үйіне жетті Жақып... [5, 261 б].

Ауданның беті өзгеріп қалыпты. Осыған көну де, көнбеу де қиын бол тұр. Не істеу керек? [5, 262 б].

Мінезің маған түсініксіз. Біресе қостайсың. Біресе қарсыласасың [5, 285 б].

Жол жыландай бүктеліп, біресе жазылып, біресе бүктеліп, талай белестерден асты [5, 301 б].

Бұл мысалдардағы етістіктен болған антоним-сөздер қимыл-әрекет, динамикалығын әсерлі жеткізу мүмкіндіктері молдығын, әрі сөз ойнақылығын тудыруға да бейім екенін көрсетеді:

Қос сөздер түрінде беріледі:

Автор тілінде қос сөз ретінде берілген қарама- қарсы мағынадағы сөздер өзара қосарлану арқылы жинақтау ұғымын береді. Шығармада қос сөздерден жасалған антонимдер қолданыла отырып, адам өміріндегі құбылыстарды салыстыра, шендестіре отырып, оқырманына ой салады.

Алдарындағы биік жонға ерлі-зайыпты екеуі осындай шыңсыз қағысумен жетті [5, 19 б].

Екеуі жиырма-жиырма бес жыл отасып келе жатқан абысын болса да, апалы-сіңілілі кісідей тату-ақ [5, 36 б].

Сөзін бітірер-бітірместен Ержан тұра жөнелді [5, 43 б].

Шығанақ нанар-нанбасын білмей Сағындыққа қарады. Сағындық күліп жіберді [5, 66 б].

- Егінге зияндының *үлкен-кішісін талғамаймын, - деп Шығанақ та күліп қойды* [5, 99 б].

- Олар көрсін-көрмесін, көрнекті іс көміп-мөйді. [5, 229 б].

- **Жатсам-тұрсам** өз еркім. Ел жайлауға қонғанды [5, 273 б].

- **Әлі-тірісі** әзір мәлім емес. Жиырма мың сом ақшамен кешеден бері жоғалыпты [5, 292б].

Жаңа заманның **ой-қырын, оң-солын** көбінесе содан сұрап, қанып отырады [5, 45 б].

Көркем шығарма тіліндегі антонимдердің стильдік бояуы анық, экспрессивті-эмоционалды әсері күшті, олар шығарма мазмұнын тереңдетіп, кейіпкердің эмоциялық сезімін дәл көрсетуге тырысқан.

Антонимдердің сөйлемде бірге тұрып кездесуі:

Осы қазақ жердің **бетін көріп, астын әлі көрмей жүр** [5, 38 б].

Қабыштың ерте кезде елубасы, ауылнай болғаны бар еді. **Жұмған аузын аша алмады** [5, 40 б].

Қуаныш, қайғыға бірдей төзімділік, ашық ой, қажымас қайрат – ел ардақтысы [5, 54 б].

Қуаныш, қайғы бірден қысқан Жамалдың көзі бұлаудай [5, 87 б].

-Іргесі бекіген ескілік, **жаңалыққа** жол бере қоймайды [5, 75 б].

-**Тарт!** Елің құрсын! **Алыстан** да, **жақыннан** да түңілгем [5, 78 б].

-**Сол!** – деді. Дерін десе де орынан атып тұра алған жоқ. **Шыны ма. өтірігі ме?** Бәрі тегіс ұйықтады ма? – деп тыңдай түсті [5. 83 б].

Әйел, еркек, кәрі, жас, ең ақыры тоқсандағы **Бақырей** де келген [5, 306 б].

-**Көбейтпесе, азайтпайды.** Сапасы жақсы емес пе? [5, 368 б].

Лексикалық антонимдермен қатар нақтылы контексте ғана қарама - қарсы мағынада жұмсалып, антонимдік қатынасқа түсетін фразалық антонимдер арқылы ой бейнелі жеткен.

Кейіпкерлер тілінде екі антонимдік жұп бір сөйлем ішінде қатар қолданылған. Жазушы антонимдік жұптар арқылы ой толғамын береді. Ғ.Мұстафиннің өмірдегі түрлі құбылыстарды дәл суреттеу мақсатында антонимдерді орынды пайдалануы қаламгердің шеберлік қырын танытады.

Жазушы өзінің мүмкіндігіне қарай қолданып, қарама-қарсы мәндегі сөздермен шығарманың стильдік бояуын айқын көрсетеді. Жазушының шығармаларындағы антонимдер ойды тереңдетіп тұрғанын байқаймыз. Шығармада антонимдер әсерлілігімен, мағыналылығымен, ырғаққа қатысымен оқырманын ойлануға жетелейді.

Әдебиеттер:

1. Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2009. -292 бет.
2. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. - Алматы, 1993.- 496 бет.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. - Алматы, 264 бет.
4. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1984. - 127 бет.
5. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Шығанақ. Миллионер. – Астана: Елорда, 2002. – 386 б.

Резюме

В статье анализируется стилистика антонимов, используемых в романах Г.Мустафина «Миллионер», «Шыганак», в когнитивном аспекте раскрывается национальный менталитет и их сложившееся общественное содержание.

Resume

This article analyses the stylistics of antonyms used in the G. Mustafin's novel "Millionaire" and "Shyganak" exposing national outlook and its social essence.